

З. Е. ҚОЖАБЕКОВА¹, А. Ж. ТАЖЕКОВА², Г. А. ЕРДЕМҚҰЛ²

¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Алматы, Қазақстан,
²Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАНДЫ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Ұсынылып отырған мақалада Қазақстанды сумен қамтамасыз етуде трансшекаралық су қорын пайдалану мәселелері қарастырылған, сондай-ақ сулардың мөлшерлік, сапалық көрсеткіштерінің бірлескен мониторинг жүйесін жасау, олардың жай-күйлерінің өзгеру тенденциясын ұдайы зерттеп-зерделеу, шұғыл ақпарат алмасу үшін Қазақстанмен көршілес елдің Су жөніндегі Ортақ комиссиясын құру қажеттілігі айқындалған.

Тірек сөздер: су ресурстары, трансшекаралық, мемлекетаралық су бөлінісі, экологиялық жағдай.

Ключевые слова: водные ресурсы, трансграничный, межгосударственный водораздел, экологические проблемы.

Keywords: water resources, transboundary, interstate watershed, ecological problems.

Бүкіл дүниежүзі елдері су қорларына қол жеткізу мүмкіндіктерінің бірдей еместігі, су бөлуіндегі, өндіру мен бақылау саласындағы бәсекелестік, жанжалдарға соқтыруы ықтимал екендігін ұғынып отыр, ал су қорларын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі ынтымақтастық, тек трансшекаралық су тұтыну мәселелерін ғана емес, сонымен бірге адам дамуы мәселесін шешетін құралға айналуы ғажап емес. Тәуелсіздік алған сәттен бастап трансшекаралық өзендерді ұтымды пайдалану мен қорғау проблемасы Қазақстан үшін тұрақты және қауіпсіз дамуды қамтамасыз етудегі басым мәселелердің біріне айналды. Трансшекаралық өзендер жағдайын табысты шешуге тек Қазақстанның ғана ұлттық қауіпсіздігі емес, сонымен бірге Орталық Азия аймағы мен Ресейдің шектес облыстарының қауіпсіздігі де байланысты, өйткені Қазақстан аумағында туындайтын мәселелер, бүкіл аймақтың өзара іс-қимыл жүйесіне ықпал етуі мүмкін. Зерттеулер бойынша суы мол жылдарға қарағанда қуаңшылық жылдардың қайталану мүмкіндігі көбірек болып келеді, яғни суы мол бір жылға қуаңшылықты 3 жыл сәйкес келеді. Мұндай суы аз жылдары Шығыс Қазақстан ғана өзін сумен қамтамасыз ете алады. Бірақ соңғы кезде Қытай Халық Республикасы (ҚХР) қара Ертіс өзені бойын игеру жоспарын жасап отыр. Қазірдің өзінде Қытайда шекараға жақын жерден Ертіс өзенінен Қарамай кенорнына канал қазылған. Есептеулерге жүгінсек, осы канал арқылы қара Ертістің 20% ағынды суы алынатын болса (деректер бойынша каналдың су өткізгіштігі одан да жоғары көрінеді), онда Шығыс Қазақстан өңірі де су тапшылығына ұрынайын деп отыр. Ал ҚХР Іле өзені суын пайдалану жоспарын іске асыратын болса, онда оның біздің 3 млн-нан астам халқымыз тұратын, әрі өнеркәсіп шоғырланған стратегиялық маңызы жоғары Іле-Балқаш алабына тигізетін әсерін болжау қиынға соғады.

Тұщы судың едәуір бөлігі (44%) Қазақстанға шектес мемлекеттерден құйылады, сондықтан трансшекаралық су ағындары ерекше маңыздылыққа ие. Республикадағы 8 өзен су алабының барлығы, олардың су арналарының бірнеше мемлекеттің аумағында орналасу жағдайлары бойынша да, сондай-ақ өзен ағыстарының құйылу шарттары бойынша да халықаралық даму алаптарына жатады. Еліміздің су қорлары Қытаймен, Қырғызстанмен, Тәжікстанмен, Өзбекстанмен және Ресеймен бірге пайдаланады.

Географиялық жағынан барлық трансшекаралық су арналары – Сырдария, Орал, Іле, Талас, Шу өзендерінің түпкі бөлігінде және Ертіс өзені ағысының ортаңғы тұсына орналасқан Қазақстан Орталық Азия мемлекеттерінің арасында сумен ең аз қамтамасыз етілуі, өзендер ағысының бас жағына орналасқан шектес мемлекеттердің су жөніндегі саясаты мен су бөлу қағидаттарына біршама байланысты. Су қорларын пайдалану жөніндегі халықаралық ынтымақтастық тәжірибесінің талдауы су тенденциясының шектес мемлекеттермен халықаралық қатынастағы салмақты құрал, экономикалық қауіпсіздік элементтерінің бірі және елдердің ауыл шаруашылық дамуының көптеген мәселелерін шешуге себеп болатынын айқындауға мүмкіндік жасайды. Арал маңайындағы шаруашылықтың тиімсіз жүргізілуінен Арал теңізі бассейніндегі елді мекендерде әлеуметтік және

экологиялық мәселелер ұлттық деңгейге көтерілді. Сырдария өзенінің төменгі сағасындағы су қорларының дефициті жылына 1, 2 – 3, 5 текше шм-ға жетеді. Ол Сырдария дельталарындағы экожүйелердің азып-тозуына әкеп соқты. Сырдария өзені Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарын сумен қамтамасыз етудегі – негізгі су қоры, ол Қырғыз Республикасының аумағында басталып, Өзбекстан және Тәжікстан Республикаларында қалыптасады. Өзен үш ірі су қоймаларымен реттелген. Сырдария өзені бассейнінің қазақстандық бөлігінде жалпы 2,5 миллионнан астам халық тұрады (Оңтүстік Қазақстан облысында – 1,998 млн, Қызылорда облысында – 0,601 млн). Мұндағы халықтың негізгі жұмыс саласы ауыл шаруашылығы болып табылады.

Оңтүстік аймақты сумен қамтамасыз етуде Токтағұл су қоймасы маңызды рөл атқарады, яғни көптеген жылдар бойында суды жинақтай отырып су аз жылдары суға деген қажеттілікті (дефицитті) толықтырады. Сонымен бірге, тәуелсіздік алғанға дейін Орталық Азияның елдеріндегі Сырдария өзенінде орналасқан барлық су шаруашылық объектілері өзара байланысты жүйе болып қаралатын, Токтағұл су қоймасы осы жүйедегі негізгі реттеуші және суды тиімді пайдалануды іске асыратын объекті болатын.

Соңғы жылдары Токтағұл су қоймасының жұмыс режимі, Қырғыз Республикасының меншігіндегі объекті ретінде, Орта Азия мемлекеттерімен келісілмей, электр энергиясын өндіруге бағытталып ішкі қажеттік үшін және экспортқа арзан электр энергиясын сату арқылы қысқы мерзімде су қоймасынан жоғарғы өтімде су тасталады.

Қазақстанда және Орталық Азияның өзге де елдерінде бұрын қолданылып келген жер суару мен суландырудың тиімсіз жүйесінің ең көп тараған экологиялық зардаптары жердің сорлануы, су басуы және батпақтануы болып табылады. Ағыстың жоғарысына орналасқан елдер – Тәжікстан мен Қырғыз Республикасының жерлері ағыстың төмендегі елдермен салыстырғанда азырақ сорланған. Осы проблема әсіресе Арал теңізіне жақын аудандарда өте күрделі: Қарақалпақстанда, Өзбекстанның Хорезм және Бұқара облыстарында топырақтың 90–94% сортаңдалған.

Соңғы жылдарда мемлекеттер өзара бірқатар көп жақты келісімдерге қол қою, экономикалық ынтымақтастықтың белгілі бір тәжірибесін жасау арқылы су қорларын бірлесіп басқару мәселелерінде нақты ілгерілгендеріне қарамастан, көптеген мәселелер әлі де өз шешімін тапқан жоқ.

Көптеген онжылдықтар арасында жер үсті және жер асты суларын жинау мен пайдалану жүйесі аймақтағы экологиялық жағдайлардың қалыптасуына жағымсыз рөл атқарады. Табиғи-географиялық факторларға қарай Орталық Азияның су мәселелері тек трансшекаралық сипатқа ғана ие емес. Сонымен бірге аймақтың көптеген елдері үшін ортақ болып табылады және осы мәселелер барлық мемлекеттер бірігіп күш салғанда ғана шешімі табылуы мүмкін. Көптеген экологиялық мәселелердің ортақтығы су қорларын орнықты дамыту мен ұтымды пайдалану жөніндегі стратегияны әзірлеу мен іске асыруда Орталық Азия елдерінің күш-жігерлерін біріктіру үшін объективті әрекеттерді ынталандыру болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық және табиғат қорғау мәселелерінің көпшілігін бүкіл Орталық Азия елдерінің ортақ күш-жігерлерімен шешу қажеттілігін тану, кең ауқымдағы үкіметтік емес ұйымдарды қосқанда тұтынушылардың мүдделі топтары тарапынан үлкен қолдау тауып отыр.

ҚР мен РФ мемлекеттік шекараларын 70-тен астам өзендер мен көлдер басып өтеді, олардың ішіндегі ең ірілері – Орал, Есіл, Тобыл, Ертіс, Үлкен және Кіші Өзен өзендері. Трансшекаралық су ағындарының су қорларын бірлесіп басқару үшін ҚР мен РФ Үкіметтері 1992 ж. «Транс-шекаралық су объектілерін бірге пайдалану мен қорғау туралы Келісімге» қол қойды. Осы келісім аясында 1997 ж. ҚР Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарының әкімдері мен РФ Орынбор облысының губернаторы «Қоршаған ортаны қорғау, табиғи қорларды пайдалану мен шектес аймақтарда экологиялық қауіпсіздік қамтамасыз ету саласында ынтымақтастық жүргізу туралы» Шартқа қол қойды.

Ортақ су пайдалану мәселелерін шешу үшін тепе-теңдік жағдайларда Қазақстан – Ресей комиссиясы құрылды, соның нәтижесінде суды ұтымды пайдалану мен қорғау жөнінде су алаптық келісімдер бекітіліп, трансшекаралық өзендердегі су қоймалары жұмыстарының режимдері мен судың мөлшерлік және сапалық көрсеткіштеріне бақылау жүргізетін шекаралық күзет орындарының тізбесі келісілді, тараптардың үлестік қатысуы негізінде ортақ мағынадағы гидротехникалық құрылыстардың жөндеу – қалпына келтіру жұмыстар ұйымдастырылды, сондай-ақ су сапаларының мониторингі мен трансшекаралық өзендердің су қорларын басқару жөніндегі ортақ жобаларды жылы басталды, осы жылы әзірлеуге донор – елдердің қаржы-қаражаттары тартылды.

Мемлекеттер ынтымақтастығында шешімін таппаған мәселелердің бірі – трансшекаралық Үлкен және Кіші Өзен суларын пайдалану болып табылады, осы өзендер бойынша екі елдің арасында су шаруашылық баланс жоқ, сондай-ақ Қазақстан аумағынан бастау алып Ресейге ағып келетін су қорларының сапасының нашарлауы. 1960 ж. Ресейдің Саратов облысы мен Қазақстанның Батыс Қазақстан облыстары арасында су бөлуде белгіленген қағидаттарды, қазақстандық тараптың пікірі бойынша, сақтап қалу мақсатына сай келеді. Бірақ Ресейдің соңғы жылдары осы өзендердің су алаптарындағы су шаруашылық жағдайы біршама өзгерді және су қорларының көлемдері бөлуді қайта қарау қажет деп есептейді. Ұстанымға келісу үшін екі ел өзендерінің су шаруашылық баланстарын мен суларды кешенді пайдалану және қорғау сызбасын әзірлеуді аяқтап келеді. Өзендерге коммуналдық-тұрмыстық және өнеркәсіптік су сарқындыларының ағызылуына, су шаруашылық объектілерінің техникалық төмен сапасын, топтық су құбырларының қатты тозуларына және солар арқылы берілетін судың едәуір құнына байланысты бірге пайдаланатын су алаптарының жай-күйлері нашарлап кетті. Осы көрсетілген себептер су қорларының тапшылығына, су сапасының нашарлауына, екі елдің де елді мекендерін сапасыз сумен жабдықтауға түрткі болды.

Жоғарыда сипатталған мәселелерді шешу үшін екі елдің трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау, су қорлары мониторингін жақсарту, трансшекаралық су объектілерінің жай-күйлері туралы ақпарат алмасу, оларды кешенді пайдалану мен қорғаудың сызбаларын жасау, ортақ су шаруашылық баланстарын орнату жөнінде бірлескен жобаларды жүзеге асырғандары мақсатқа сай болады. Әсіресе, трансшекаралық сулардың гидрохимиялық құрамына ерекше назар аудару қажет, өйткені су қорларының сапасының нашарлауы экобаланстарды бұзады және қос елдің де тұрғын халықтарының әлеуметтік жағдайларына әсер етеді.

Трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау жөнінде Қазақстанның Қытай Халық Республикасымен мемлекетаралық ынтымақтастығы 1965 ж. басталды, осы жылы «Хоргос өзенінің суын бөлісу және пайдалану туралы келісімге» қол қойылды. Қазақстан мен Қытай 24 трансшекаралық өзендерді бірге пайдаланады, бірақ Хоргос және Сүмбе өзендері жөнінде ғана тиісті келісімдерге қол қойылды, осы келісімдер екі елдің арасында су қорларын бөлісуді мемлекеттік деңгейде емес, аудандық басқару органдарының деңгейінде белгілейді.

Өткен ғасырдың 90 ж. ішінде басталған трансшекаралық өзендердің су қорларын ұтымды пайдалану жөнінде бес раунд келіссөздердің нәтижесі ҚХР мемлекеттік Кеңестің Премьері Чжу Жунцидің 2001 ж. қыркүйек айында Қазақстанға ресми сапарының барысында «Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы Үкіметтері арасында трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау саласында ынтымақтастық жасау туралы келісімге» қол қоюлары болды. Келісімге сәйкес, трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау жөнінде ынтымақтастықты одан әрі дамыту және нығайту мақсаттарында, үкіметтер табиғи қорларды пайдалануда әділдік пен ұтымдылық қағидаттарын ұстануға, трансшекаралық өзендерді су алаптарында орнықты экологиялық ахуалды қамтамасыз етуге және гидрологиялық ақпарат алмасып отыруды жүзеге асыруға келісті. Осы келісімнің маңызды мәселелерінің бірі сондай-ақ трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау жөнінде Қазақстан – Қытай ортақ комиссиясын құру жолымен келісім ережелерін іске асыру механизмдерін белгілеу болып табылады. Кеңесу барысында екі ел Ертіс өзені суының мөлшері мен сапасы жөнінде кейіннен Іле және Талас өзендері бойынша да ақпарат алмасуға келісті, өзендердің шекаралық учаскілеріне гидрологиялық күзет орындарын белгіледі. Екі жақты келісімдердің ұнамды фактысына, сондай-ақ Қытай аумағында орналасқан су шаруашылық объектілерге қазақстандық сарапшылардың баруын, соның ішінде Ертіс – Қарамай каналының қарауын жатқызуға болады.

Ертіс өзенінде «Ертіс – Қарамай» каналын салудағы Қытай елінің жобасы, осы жоба бойынша Қытай Ертіс өзенінің 5–15% дейінгі ағынын Ұланғұр көліне бұру жөніндегі жұмысты жүзеге асыруды жобалайды, осы мәселе қазақстандық жұртшылықты алаңдатып отыр. Су тұтынудың өсуі сондай-ақ Синьцзянда астық пен мақта егетін аудандарды едәуір ұлғайтуды жоспарлануына да байланысты. Ертіс маңы мен Орталық Қазақстанда өзен су қорлары өнеркәсіп пен суармалы егіншіліктің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдаланатынын ескерген жағдайда, Қытайдың су жинауды ұлғайтуы, Ертіс өзенінің бойында орналасқан Өскемен, Бұқтырма, Шүлбі гидроэлектростанцияларын пайдалануға мәселелер туындауы мүмкін.

Траншекаралық су қорларын пайдалану мен қорғау, өзендер ну алаптарының шекаралық учаскілерінде судың сапасын сақтау, өнеркәсіп қалдықтары мен ластаудың әлеуетті қауіптеріне шұғыл назар аударуды қамтамасыз ету мәселелерін шешу жөніндегі ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін, сулардың сапасын бақылау және олардың ластануының алдын алу, табиғи апаттар құбылыстары жөнінде елдерді дереу хабарландыру, трансшекаралық өзендер жөнінде өзара гидрологиялық ақпарат алмасу, ортақ-ғылыми зерттеу қызметтерін жүргізу туралы бірлесіп әзірлеме жасау мен келісімдер қабылдау орынды болады.

Сондай-ақ Ертіс өзенінің су қорларын пайдалану мен қорғау жөнінде үш жақты келісімге қол қою (Қазақстан, Ресей және Қытай), сулардың мөлшерлік, сапалық көрсеткіштерінің бірлескен мониторинг жүйесін жасау, олардың жай-күйлерінің өзгеру тенденциясын ұдайы зерттеп-зерделеу, шұғыл ақпарат алмасу үшін үш елдің Су жөніндегі Ортақ комиссиясын құру қажет.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Достай Ж. Жалпы гидрология. – Алматы, 1994. – 273 б.
- 2 Қазақстан Республикасы. Су кодексі: Ресми мәтін 2002 жылдың 1 наурызына берілген. – Алматы, 2002. – 36 б.
- 3 Қорғасбаев Ж., Қасенов Ш. Шөл жайылымдарды суландыру және игеру. – Алматы: Қайнар, 1987. – 168 б.
- 4 Нұрғалиев К. Ауыл шаруашылығындағы ГТП. – Алматы: Білім, 1978. – 40 б.
- 5 Тұяқбаев Н.Т. Жер асты суларын пайдалану. – Алматы: Қайнар, 1982. – 152 б.
- 6 Топырақтар географиясы / Жалпы ред. Т. Т. Тазабеков. – Алматы, 2000. – 180 б.
- 7 Қожабекова З.Е. Қазақстанның физикалық географиясы. – Шымкент. – 80-88 б.

REFERENCES

- 1 Dostay J. Jalpi' gi'drologi"ya. Almati', 1994. 273 b.
- 2 Qazaqstan Respwbli"kasi'. Sw kodeksi: Resmi" ma'tin 2002 ji'ldi'ng 1 nawri'zi'na berilgen. Almati', 2002. 36 b.
- 3 Qorghasbaev J., Qasenov Sh. Sho'l jayi'limdardi' swlandi'rw ja'ne i"gerw. Almati': Qaynar, 1987. 168 b.
- 4 Nu'rghali"ev K. Awi'l sharwashi'li'ghi'ndaghi' GhTP. Almati': Bilim, 1978. 40 b.
- 5 Tuyaqbaev N.T. Jer asti' swlari'n paydalanw. Almati': Qaynar, 1982. 152 b.
- 6 Topi'raqtar geografi"yasi'. Jalpi' red. T. T. Tazabekov. Almati', 2000. 180 b.
- 7 Qojabekova Z.E. Qazaqstanni'ng fi"zi"kali'q geografi"yasi'. Shi'mkent. 80-88 b.

Резюме

З. Е. Кожобекова¹, А. Ж. Тажекова², Г. А. Ердемкул²

¹Южно-Казахстанский государственный педагогический институт, Алматы, Казахстан,
²Международный казахско-турецкий университет им. Х. А. Ясави, Туркестан, Казахстан)

ТРАНСГРАНИЧНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ КАЗАХСТАНА ВОДОЙ

В статье рассматриваются проблемы обеспечения Казахстана водными ресурсами, также указана необходимость создания Комиссии с приграничными государствами, которая бы обеспечивала мониторинг количественных, качественных показателей водных ресурсов.

Ключевые слова: водные ресурсы, трансграничный, межгосударственный водораздел, экологические проблемы.

Summary

Z. E. Kojabekova¹, A. J. Tajekova², G. A. Erdemkul²

¹South Kazakhstan state pedagogical institute, Almaty, Kazakhstan,
²International Kazakh-Turkish university named by Kh. A. Yassavi, Turkestan, Kazakhstan)

TRANSBOUNDARY PROBLEM OF WATER SUPPLY OF KAZAKHSTAN

This article discusses the problem of water supply of Kazakhstan, it also indicates the need to establish the Commission with neighboring countries, which would ensure the monitoring of quantitative, qualitative indicators of water resources.

Keywords: water resources, transboundary, interstate watershed, ecological problems.

Поступила 05.06.2014г.